

<b>Пәннің аты:қазақ тілі</b>	<b>Уақыты:18.02.2017</b>	<b>Кабинет:40</b>	<b>Мұғалім:Калиева А.А.</b>
<b>Сабақтың атауы</b>	Зат есімнің жекеше және көпше түрлері		
<b>Мақсаты</b>	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>А) білімділік: Зат есімнің жекеше және көпше түрлері туралы түсінік алады, сөйлем ішінен таба білуге үйренеді.</p> <p>Ә) дамытушылық: ойын түрлері арқылы ізденімпаздық қабілеттері, ой-өрісі дамытылады, түрлі тапсырмалар орындау барысында танымдық іскерлік, есте сақтау қабілеттері арттырылады.</p> <p>Б) тәрбиелік: оқушыларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке бірін-бірі сыйлай білуге тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі: жаңа сабақ</p> <p>Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап.</p> <p>Сабақтың көрнекілігі: кестелер, слайд</p>		
<b>Психологиялық ахуал</b>	Айналаға алақанмен, Жылулықты шашайық. Сәттілік тілеп, күлімсіреп, Біз сабақты бастайық.		
<b>Қызығушылықты ояту</b>	<p><b>*Үй тапсырмасын тексеру.</b></p> <p>-341-жаттығуды тексеру.</p> <p>- Зат есім дегеніміз не?</p> <p>- Кім? Не? деген сұрақтар қай уақытта қойылады?</p> <p>- Жалқы есім дегеніміз не? Мысал келтір.</p> <p>- Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір</p> <p><b>*Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</b></p> <p>-Бүгін зат есімнің түрлерімен танысамыз.</p>		
<b>Мағынаны тану</b>	<p><b>*Жаңа сабақ.</b></p> <p>1. Суретпен жұмыс. Суреттерді көрсету арқылы заттың жекеше және көпше түрлерін түсіндіру.</p> <p>2. Кесте бойынша талдау, түсіндіру.</p> <p>3. Электронды оқулықты қолдану.</p> <p><b>*Оқулықпен жұмыс.</b></p> <p><b>342-жаттығу.</b> Суретке қара. Әр суреттегі заттардың санын анықта. <b>Балапан-балапандар, қоян-қояндар.</b></p> <p>-Сөздерді салыстырып оқы. Олардың бір-бірінен қандай айырмасы бар?</p> <p><b>Ереже:</b></p> <p><i>Зат есімнің жекеше және көпше түрі болады.</i></p> <p><i>Кім? Не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің жекеше түрі дейміз. ата, құс, түйе.</i></p> <p><i>Кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің көпше түрі дейміз. аталар, құстар, түйелер.</i></p> <p><b>343-жаттығу.</b> Өлеңді көшіріп жаз.</p> <p>Қарамен жазылған сөздердің астын сыз. Бұл сөздерді түбір күйіндегі қалпымен салыстыр.</p>		
<b>Сергіту сәті</b>	Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан?		



	Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.
<b>Ой толғаныс</b>	<p><b>344-жаттығу.</b>Көптік жалғауларының тиістісін қойып жаз.Көпше түрдегі зат есімдердің астын сыз.</p> <p><b>345-жаттығу.</b>Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра. Шешу:инеліктер <i><b>Инелік -пайдалы жәндік. Инеліктер шыбын-шіркейлермен қоректенеді.</b></i></p> <p><b>347-жаттығу.</b>Мектепте шахматшылар жарысы өтпекші.Бұл туралы хабарландыру жазу 2-сынып оқушыларына тапсырылды.Сен қалай жазар едің? <i><b>Хабарландыру</b></i> <i><b>Мектепте 18.02.2017 жылы сағат 10.00-де 1-4-сыныптар арасында шахматшылар сайысы өтеді.</b></i> <i><b>Мектеп әкімшілігі</b></i></p> <p>-Бүгін не білдік? -Зат есім дегеніміз не? -Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не? -Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не?</p>
<b>Үйге тапсырма</b>	346-жаттығу,127-бет.
<b>Бағалау</b>	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
<b>Кері байланыс</b>	